



## Жазушы. Геолог. Дәруіш.

«Шығыс пен батыстың межесі мынау деп кім сенімді айта алады? Дүние бөлінбейді» – Илияс Ысқақовтың прозасында кездескен бір көркем һәм мәртебелі ойдың ұшығы түңғиыққа тартады. Шіркін, генетикағылымын бес саусағындағы білген атаң қазақ неткен ғұлама еді: «Жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да, тартпай қоймас негізге» деп көзеп айтқаны соның айғағы! Илияс Халитұлы Ысқақов (1937-1997) ата тегі жағынан Абайдың туған інісі Ысқақтың шөбересінен туады. Әлемді бөліп-жармай, кеңістікті біртұтас көріп тұрғаны, ақсүйектік дүниетанымы тегіне танбай тартқаны емес пе! Бұлдағы қанмен берілген, Абайдан айнымай жүққан ырыс. Көкжиеукпен шектелмес сана берген бір Құдай. Ал, көзі қарақты жүрттың бәрі біледі: 1909 жылды Кәкітай Ысқақұлы Абай өлеңдерін алғаш бастырды, ол Илиастың арғы атасы. Илияс Ысқақовтың «Ақын жүрегі» атты жинағының шекесінде – эпиграфында: «Ұмытылmas Абайға, Құнанбайдың ұлына» деп жазылған. 1937 жылды, атылған Илияс Жансүгіровтың есімін Москвадан білім алған Халит Архамұлы қайтпас қайсар рухын танытып, аңдуыл НКВД-дан қаймықпай; Құлагердей мерт болған қас жүйрік ақынның жаназасын жоқтағандай, асыл рухын өлтірмей жаңа туған ұлына қояды. Әкесі жер аударылған шешендердің бірнеше отбасын құтқарады.

Илияс Ысқақов Ленинградтың В.Плеханов атындағы тау-кен институтын бітірген, жер жиһанды жаяу кезген геолог. Қаныш Сәтпаев – қазақта тыңдан жол салған қыын һәм таңсық ғылымның соқпағымен жүруі оның жазушылық болмысына мол олжа салғаны анық. Ол шығармаларын орыс тілінде жазған. Қазақ оқырмандары мен жазушыларының Илиасты көп біле білмейтіні содан болуы. Геологтардың қандай оқымысты келетініне оның мына бір әңгімесінен үзінді куә: «Геологтар қызық халық – олардың әрқайсысы біздің және шетелдің классикасын оқып үлгерді деп сана. Ол кезде жақсы достар сияқты кітап те көп болатын» (Илияс Исаков. «Сердце поэта», 203 бет.). Ол мамандығын шын сүйіп, қыр-сырына қанық. Тайганың үстінде самолетпен ұшып келе жатып, қияндағыны көзі шалады. «Қанаттың астында мұлгіген ит тұмсығы өтпес қалың тайга мен көлдердің ағарандаған дақтары. Өзендер қалай қүшті шыырлайды! Геологияда былай айтады, олар қартаю сатысында болған соң, міне, сондықтан бұралаңдай ағады. Ал, бір кезде жас болғанда, арнасы толық тұнып аққанда, өзендер тұра жолмен жүретін – арынына сенімді, қүшті сулар». Жазушы тундраны «Әппақ үнсіздік» деп қалай дәп атаған! Сондай-ақ, жазушыда «геологиялық ақыл» деген тіркес кездесетіні тегін емес. «Ұзақ жылдарғы экспедициялық жұмыстар мен заңдылықты байқадым – пайдалы кен орындары тап бір адамнан тығылады. Кен ізден жүріп, геолог жатын орнынан тым алысқа ұзап шығандап кетеді. Оның өзімен-өзі өмір сүріп, жападан-жалғыз жұмыс істеуіне тұра келеді». Артынша жазушы тәжірибелі шалдардан естігенін

айтады: «Кенді мылқау тастар, жылан мен құзғын жайланаң, солмайтын гүл шөбі өскен жерден іздеу керек». Қатер, қауіпке толы геологтың ғұмырын сүрген Ілияс тұнық мұнды ойшылдығымен баурайды.

Орыс әдебиетін, кей орыстан артық біліп, сол мәдениеттің қазығынан табылса да, Ілиястың жаны қазақ жазушы екенін қолтаңбасы айғақтайды. Ол тундрадағы мезетін, оның тәуліктің қай мезгіл екенін күзде ажырата алмастай бұла, тұмса табиғатын сол қалпы суреттейді. Жер жаралғалы тап осылай мұлғи тұнжыраған тундра, сірә. Шыңғыстаудан шыққан қазақ баласы айдала Баренц теңізінің лебін сезініп, табиғат сұлулығын шашау шығармай шебер қайталайтын суретші натуралист сияқтанады. «Бірақ, көктен бір таңғажайып сәуле тарайды» («Но какое-то дивное излучение идет от неба»). Ол солтүстік шұғыланың дәл астында жүр. Көк тәңіріге табынған көктүріктің үрпағы, оның аспаны әрдайым нұрлы. Қаз қанатының сусылын құлағымен әрі жанымен сезініп отырған қазақтың қанында, отқа, қозға сағыныш барын жазуынан көру қыын емес. Неліктен екені тағы аян, ол әлсін-әлі этнонимдік тартылыс құдіретімен қаз бейнесіне қимастықпен айналып соғып отырады. Поляр өнірдің өзге құсы құрып қалғандай, қазға көбірек елжірейді.

Жазушы стилінің дәлдігі мен географиялық жер бедерін сүюі айқын. Оқырман қасына еріп, қатар жүргендей әсері бар, білгірлігі тәнті қылады. Мен ежелден географиялық атаулар, топонимдерді сүйіп оқитын қауымнан едім. Топонимдер – өмірден әлдеқашан өтіп кеткен адамзаттың көркем түйсігі мен өсиеті, әрі тарихтың бейсана ағымын таңбалалаушы жад, әлдебір ғарыш пен жер астасқан код! Деректілік – көркем прозаның ұшар қанаты. Оның прозасынан жалғыздығы мен тектілігі үнемі байқала береді. Барша тірі жан иелеріне, жанды табиғатқа сүйіспеншілігі орасан. Бір деталь: геологтардың отрядында Вадим атты механик-жүргізушиңің шалажансар құрдың жұнін жұлған сәтін бейнелеуінде адамшылық ниеті анық. Мынау қатігездіктен жүрегі жанышылған ол, жан күйзелісін табиғатқа аудара суреттейді. Қыын жолдан шаршап келген топ асқа қарағысы келмей қалады және әлгі адамнан деру құтылады. Вертолет шақырып, Вадимді демалыс деген сылтаумен үлкен жерге қайтарады, оның енді геологтар ортасына қайта оралуға құқы жоқ. Адам аяғы сирек басатын, көліктен көбінесе тікұшақ лайық ит тұмсығы өтпес беймәлім, дүние жаралғаннан бергі уыз қалпында жатқан жерлерде табан басып жүрген қазақ жазушысы неткен бақытты! Ол мармелад дайындағанда пайдаланатын балдырларды көзімен көрген. «Қайыңның қабығындағы нәзік» деп теңейді. Бұғы өсірушілердің, балықшылардың, аңшылардың, қойшылардың арасында өмір сүрген. Архангельскіден Беринг бұғазына шейін жаяу жүріп өткенін ол қалжың аралас бір қаламгер досына айтқан.

Ілияс Ысқақовтың прозасында геология дәрістері тұнып тұруы заңды, жер жынысын, кен орындарын зерттеуі көш бастардай. Әрі шығармасының елең еткізер көркем ерекшелігі осында жатыр. Автор минералогия, палентология, ономастика, география, геодезия мен

топонимиканың поэтикалық құдіретін оқырман санасына сіңірге тер төгеді. «Шатырда үшеу: Владик – геоморфолог, Володя – геофизик және мен – геолог». Демек, Ілияс геологиялық карта жасаумен шұғылданып жүрген ғалым болғандықтан ғылымсыз қалам тартпайды деген сөз. Мұз қабаттарында, атам заманғы геологиялық шөгінділерде, полярлық жерсуларында жазушының табаны баспаған пүшпақ жоқ тәрізді. Ілияс солтүстіктің халық әнін қастерлей қайталайды: «...Ақ қанатты аққулар Терістікке үшады / Олардың нәзік қанаттары аязды күйдіреді» (Орысшадан жолма-жол аударма менікі – А.К.). Аққу-қаз сағыныш сазындей сезілері, жыл құстары сахараға – туған жеріне үшқандықтан. Ол көшпелі нәсілдің тұяғы ғой, ежелгі ғұндар, сақ атабабасындей көшіп-қонып жүргуге әбден көндіккен, мейлінше дағды алған. Бұхар жырау «Жар басына қамалып, / Жарты лашық тігерсің» деп жырласа, ол жар жастанып, тас төсөнген, үйқы келсе қара тас мамықтай болған ауғақ тіршілік адамына айналған. Ілияс Үсқақұлы жолдастарымен құладүзде ылғи қос тігіп, ошаққа мосы ілгендей асын пісіріп отырғаны, кезбелікпен күн кешкенін мына кітап айғақтайды. Үлкен жерге жету үшін, бұл экспедициялық топ жұмалап бұзылған күн рaiyның оңалуын тосып жатады. Өркениетті тіршілікten бейдауа қорғану тәрізді; жабайы тірлік романтикасынан бұрын, қыр соңынан қалмайтын қайғыдан бас сауғалап, жан сақтар астары әсте жоқ емес. «Нәлет біздің жүріске!» деп Махамбет жырға қосқан жүрістен жүққан шер сағымданар. Жаһан кезген жүрісінде, жыл он екі ай сандалмамен күн кешкен жазушының жан азасы, құса-наласы, тұншыққан айқайы бөгіп жатыр. Әйткені, ол үкімге кесіліп, қуғындалған, жалқы емес, тұтас бір ұрпақтың басына тұсken жаланың құрбаны, сондықтан, ол бейбіт күнде итжеккенге өз еркімен аттанғандай әсері бар. 1937 жылы халық жауы деп атылғаның біреуі менің атам Кемелбай, ішінде шері мен кегі кеткен қазақтан туған немере болған соң мұндай назаны мен ұқпағанда кім үғады. Бұл Ілияс Үсқақұлы тұлғасының өзім жазбай таныған абстракция мен абсурдты өмірбаяны, қайғысының іш қалыбы.

Ақтабан шұбырындыда, Сырдан ауғалы Шыңғыстауды иен жайлаған тобықты руының Үрғызбай атасының басына осы ауғақ, екіталай күн, қуғын-сүргін совет үкіметімен қоса туған екен. Елсізде жалғыз шоқиған, дұшпаны қуып жетіп, көздел атып, асыл сүйегін құр құдыққа тастатып, 30 жыл жатқан Шәкерім атасының жазмышын еске салатын мезеті. Үрғызбай әулетінде еркек тұқымын тұздай құртқан сүм заманың нәубетіне не дейсін?! Қазақ халқын қынадай қырған ашаршылық кезеңі, «халық жаулары» деп оқыған қазақты тегіс аулаған өлара. Абайдың нақ өз кіндігінен тараған тұқымнан бірен-саран ер кіндігі қалса, оның өзі орыстанып кеткені рас. Репрессия қазақтың ең текті тұқымдарын ес жиғызбай жойды, құртты, қорлық шеккізді. Міне, сана түйсігінде жазықсыз қуғындаудан запы болған, әкесі Халит Архамұлын халық жауы деп екі мәрте соттаған соң, көкірегіне шер тұнған бір ұрпағы өз еліне табан тіреуге құлықсыздай сезіледі. Айдалада қаңғып жүргені

артық, сірә. Бәлкім, мынау сыған тірлік азаттықты қайыра иемденудің бір жолы – геолог болып еркін журу шығар. Кім білсін.

Трагедия. Тектік нышан. Құлан құдыққа құлағанда құрбақа құлағында ойнаған кездің уыт-ызғарын жадтан өшіре алмау. Ностальгия. Ілиястың әр жолында тығылулы, зарықсан аңсар бар. Ол арғы атасы азулы шонжар Құнанбайдың күшті уақытын үйқыда жатып сезінердей: «Мен үйқыда жатқанда, тіпті, тебемін. Ендеше қорықпаңыз» дейді ол иен далада қоналқада, шатырда жатарда қасындағы серігіне. Шынжыр балақ, шұбар төс аталары тебісіп өткен, дүшпанына есе жібермеген. Оның жыр-талайын қазақтың маңдайына біткен ғұламасы, классик жазушы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында суреттеп кеткенін білеміз.

Мен ойласам, Ілияс ана тілінде жазбағаны өкінішті. Абай мен Шәкірімдей классиктермен аталас, құнарлы тіл иелерінің жас өскін бір бұтағы бола тұра, ол заманың кесірі меңдеп, қоғамының ығымен, қаланың заңына бойсұнып, өз тіліне жат болды. Жеріген жоқ, мәжбүрлік көндірді.

Орысша білмейтін қазақ күнін көре алмайды деген қағида берік қалыптасты. Тепсінісп келгенде, кем болмау үшін бұл жол таңдалды. Қаладағы қазақтар жаппай тұтылуға шақ қалды. Бұл ұлттық қасіret. Бірақ, оның прозасын оқып отырып, ол рухымен қазақта бөгде, жат болды деп айту нағыз күнә. Шетке шығындауының өзі, оның адасқан қаздай қаңқылдаған жан дауысын ұқтырмай ма!

Шпицберген мұздактарына таяу, артикалық шөлде, бір қиян ит өлген жерде, Баренц теңізі маңында жүріп, ол сол тауда өскен шыршалардан Алатаудың кескінін көзге елестетеді, отанын ұмыта қоймайды. Ілиястың жазушы ретіндегі басты ерекшелігі, батыс әдебиетінде дамып кеткен, француз Бодлер, орыс Иван Тургенев негізін қалаған өлеңдегі проза – «стихотворения в прозе» жанрын қазақ топырағына әкелуі. Осы ақ өлеңнің прозадағы қас шебері Жүсіпбек Аймауытовтың роман-повестері, асыл мұра тыйымда тығулы кез. Ілиястың қысқа жазылған лирикалық, философиялық сарындағы әңгімелері, осы жанрдың табиғатын толық ашады. Ол тұстас қазақ жазушыларынан мұндаидай жанрды, құсни сарынды өз басым ешкімнен кездестірмеген тәріздімін.

Ілиястың кітапты сүйіп оқып, оның кейіпкерлерімен сырласатыны анық. Бұл жағынан ол шынайы жазушы бейнесіне тән мәңгі дон Кихоттықты растайды. Оның тастары сөйлейді. Кен орындарын іздеу кәсібі. Геологтар асыл тастардың неше атасын, қылыш атауларын тау жыныстарынан табады: «...қан-қызыл гранит дәндерін салқын суда жуып қойды, алмаздардың серігі». Мағынасыз егжей-тегжейлі суреттеу кейде шаршатады, бірақ, Ілиястың тырбиған аласа қайындар өсетін өлкенің мұкті жер қойнауының қастерлі тастарының сырын шебер әңгімелеге өзгеше. Ол тастарды қиялышта да көреді. «Тундра тегіс, жазықтана көрінетіні алдамшы көрініс». Осыны жазушы көзімен көрген соң айтпай ма! Тундра жұмсақ, жасыл бүйра, аңсарлы көрінері туу алыстан. Жаратылышы тылсым. Асқақ, сұлу, текті, кезегенге оңай

алдырмайды. Тиіп тұрған жерде адасып өлу оп-оңай. Тегінде, мұндай қаңғыбас, тұрмысқа қолайсыз, салпаңдаған өмірге көп жүрттың жаны шыдас бермейді. Талайы бір жұмадан соң құрылышқа кері қайтады. Тіпті, геолог мамандардың ішінде жұмысын тастап қашатындар бар. Қаптаған маса, су стихиясы, иен, жаз-қыс демей далада түнеу, жалғыздыққа әбден көндігу оңай емес. Романтикасы тек айтарға ғана, әйтпесе қатал табиғат құбылуларына ысылмай болмайды. Бірақ, жазушы кезбеліктен айни қоятындардың санатынан емес. Ол Қызы Шығыстың тазалығын, пәктігін, адамдарының рухының тазалығын сүйеді. Қозғалыс күшінде өмір тұр. Оның философиясы осы. Еске Шекерім атасының «Жаралыс басы – қозғалыс» деген өлеңі оралады. Ілияс бар бейнеден, тас мұсіндерден тіршіліктің бұла күштерін таниды. Қызы Шығысты кезіп жүргенде, туған жерінің жоталарын, жусанды даласын сағынып жүреді. Поляр тұнінде бабаларының көшпелі тұрмысын аңсайды. Сарыарқаны, Делбегетейді, Алатауды, Құланды жазығын, Шыңғысты құс жолына, тұнгі жұлдыздар шоғырына қарап ойлап отырады. Ғарыш құсының қанатының астынан ұйықтап жатқан дөңгеленген ауылдарды көреді. Бақсы туралы жиі толғайды.

Азаттық сүйер ерлердің өмір салты. Бостандықты шын қалайтын жандар бұған бейім. Өз еркі өзінде, бұғаусыз, қыспақсыз, жалған мінезсіз тірлік. «Дегенмен, бізде, шамасы, бәрі сондай – өзінің жеке басының өміріне немқұрайлылар». «Саған, жалғызға, мынау орасан зор тілсіз жартастардың арасында жеңіл һәм беймаза, үрейлі» деп жазады Ілияс «Жыланның жүрегі» атты әңгімесінде және жан дүниесін кеулеген жалғыздығын ештеңеге селт етпес жыланның жүрегіне теңейді. Ол өзін бұл үнсіздік өлі емес деп жұбатады. Шыңғыстауын, анасын жалбыз бен жусан, тау-таста есіне алып қамығып толғайды. Мұнысы Абай атасының «Сегізаяқ» атты өлеңіндегі жалғыздықтың ишарасын, күйігін, кіл надандықтың арылмас сорын қайталап тұрған тәрізденді. Абайы бар елдің хакімнің ықпалының кетуі мүмкін емес.

Жартасқа бардым,  
Күнде айқай салдым,  
Онан да шықты жаңғырық,  
Естісем үнін,  
Білсем деп жөнін,  
Көп іздедім қаңғырып.

Баяғы жартас – бір жартас,  
Қаңқ етер, түкті байқамас.

Қазақтың қанында толғау, эпикалық жыраулық сарын соны мінез бар. Боқ дүниенің ұсақ-түйегін місе тұттайтын, былық-шылығына қайрылмайтын, айға қарап ұлитын көкбөрідей кесектік. Ғұмырын жалғыздықпен өткізген тектінің түяғы. Геолог өмірінен жиі мәлімет береді, көрген-баққаны, есінен адасқан жанды кездестіргені: Григорий әкей, Киевтің діни семинариясын бітірген, поп болған. «Біздің халық жарымес адамдарға мейіріммен қарайды, есігі ашық, мұсіркеп, басынан сипайды» деп жазады жүрегіне аяныш тұнған Ілияс, қазақтығына

оралып. Қазақтың санасында есі дұрыс емес адамдарда нәресте мен әулиедей тазалық болады, олар мынау кір, лас, арамдық, зұлымдыққа бейім дүниекоңыз әлемнен қор болғандар, жаратылысы құдайға шет келмейді деген ұфым бар. Григорий поп панасыз, қаңбақтай кезбелікке душар жетім ер, құладұз Шыңғыстауда қаңғып жүр, бағзының шөл далада мінәжат еткен тақуасынан аумайды. Өзі естіген жүртты ғұламалығымен қайран қалдырады, ол ғаламшар, адамзаттың болашағы туралы керемет сауатты сөйлейді, бірақ, көзі жүгіріп тұрады, қайта жаңылысып, ой қайталайды, ақыл-есі ауысқан. Ақыры құдікті деп біреу хабарлап қойған соң қашып жүрген Григорий әкейді дін өкілдерін қудалаған совет үкіметі аңдиды, ақыры атып өлтіреді. Адамға деген сенім оны құтқарар еді, ол сорлы қысқы ұлыған боранда қорғалайтын бұта таппай, қой қораға түскенде бөрі тигендей көрініп, қойшы ұлының оғына ұшқан деп қамығады, Ілияс. Осы әңгімеде жазушының совет үкіметіне деген жасырын наразылығы, кегі мен құсасы астыртын берілген. Григорий поп ұшыраған кепке тұқым-тұяғымен өзі ұшырамап па еді! Советтік жүйеге наразылық мендемесе, қоғамы, сталиндік лагерьлері жынды қылыш тынған, ауғақта жан сауғалаған прототипі айқын Григорий дегенді қаперіне алмас та еді-ау. Ілияс оның жетім бейнесін өшірмей, жанашырлықпен шығармасына енгізді. Ілиястың әр бір әңгімесі бір тағдыр.

Тоталитарлық жүйеге қарсылық – «Менің отанымда басты жоғары көтеруге болмайды – жұлдызға қарасаң жаңыңды үрей мен торығу мендейді» деп жазды ол. Жазушы әлемнің жаратылысын ғылыми тануға бейім. Ілияс тау мен асыл тастандардың сипаты мен мәнін жиі саралайды. Қазақ үшін таңсық ұфым. Көгілдір ametist туралы әңгімесі тәмсіл, уағыз, геология, кен іздеу деп аталатын, бір ұшы кезбеліктің құпия сырына үңілгендей әсері бар. Жазушының ойынша, саяхаттауға құмарлық – кеңістікті тану, жер түбіне жету жаһанға таралған көне дәуірлердегі арғы тектен, реликт, жоғалғаннан қалған қалдық. «–Что ты, леший, людям спать не даешь?», бұл Ілиясқа түнде үйқыда жатып айтқан әйелінің күңкілі, мән қоюға татитын деталь, «леший» – орман иесі, оны албасты дейді қазақ. Ол өзінің дәруіштігін осылай әрі актап, әрі мойындейді. Ол алтынның түсін өліктің өніне теңейді. Сопының көзқарасы, жалған құндылықты малданбау. Доспамбет жырау көшпелі халықтың қорғанысын, жаугершілігін «Күніреніп жер түбіне жортқанмын!» деп жырлайды.

Көгілдір ametist тасы – торыққан үміті өшүге таяу жанның қайта иемденген сенімі. Жазмышын жоқтаған адамның түсіне куллі әлемді торлаған құса-шер, тозаң торлаған өлім, о дүниенің тозағы кіреді. Жанышырқырап келе жатқанда шаң-тозаңнан жұмсақ көгілдір шұғыланы көреді. Ол тізерлей отыра қалып, қазады, көгілдір асыл тасты моншақ тауып алады. Бұл Ілиястың өз түсі, аштық пен аяз құрсаған, соғыс үрлаған балалығын, отбасылық қайғысын жұмбақтай сипаттауы. Ол Семей полигонының уытын, атом бомбасы жарылған алапатта аң-құсы жылаған біздің киелі өлкеміздің, бөгделер менсінбейтін ұлы даланың

қасиетін, қалаға қоныстап, тегінен жаңылған қазақтардың тоғышар тіршілігін ұғады. Ана тілін ұмыта бастағанын өзі уайымдайтын Ілиястың қос жарылған сана ағымында Россия мен өз елі кезек ағатыны қайран қалдырады. Қазақтық таза сақталмаған күйге ел тұтылған. Қазақтың оқығанының енді орыссыз күні жоқ. Сөйтіе тұра, жазушының ұлттық сезімі қүшті: «Ат тұяғын естисіз бе. Бұл Құрманғазы. Бұл мені құтқару үшін жүйткіп келе жатқан оның жылқыларының дүбірі...». «Менің әкем тірі болса, осынау ежелгі, әлі тыныштықты білмеген Жерде есі ауысқандар мен кемтарлар болmas үшін ол Семей ядролық полигонын жарып жіберер еді, құрттар еді». Әкесінің азаматтығын ұлы аса биік бағалайды! Тұтас бір өктем империяға қазақ қарсы келеді деп тайсалмай айтады, байқайсыз ба?! Ол патшалықтар құриды, тек ақын жүргегі өлмейді деп жазды.

Ілияс Ұлсқақовтың стиліне прозаның қысқа жанры: үзік-үзік фрагменттік, нобай, қарызданған сюжеттерді өзінше жазып шығу, ақ өлең тән. Өтірікке, қысыр қиялға, даңғазаға жоқ проза қысқаны сүйеді. Дегенмен, бұл оның кемшілігі де, қыық-қыық тілінгендей жаралы өмірінің тұспалы. «Өмірді бағаламайды. Құстай еркін қалықтап өмір сүрді. Тәкәппарлығы да құс сияқты» деп жазды ол бір танысы туралы, шынтуайтында өзіне де ұқсап тұр. Жетімдігі. Дала кезіп үйренген Ілиястың жүргегінің ақтық соғуы сол туған даласында тоқтайды.

P.S. Ілияс Ұлсқақовтың «Ақын жүргегі» атты кітабы туралы жазуды маған республикалық «Абай» қорының басшысы Балташ аға аманаттады. Қазір іздеушісі болмаса көркем әдебиеттің мұңы қалың. Екі мәрте саяси репрессияда сottалған ардақты әкесі Халит Ұлсқақов туралы естелігінде Ілияс Семейдегі мемлекеттік Абай мұражайы тұрған үйде, атасы Архаммен тұрғанын жазады: «...ал, аулада менің үш атадан қосылатын ағам Балтабек Ерсәлімов анасы Қапизамен тұрды. Ол менен сәл үлкен болған соң мені тоқпақтап алатын. Сосын, бәрібір қайта құшақтайтын». Қазақ түбі бірге тұтпейді деп айтады. Қазақтың аруақты сыйлайтын, арғы тегін ойлайтын қасиеті өшпейді.

Айгүл Кемелбаева, жазушы